

**6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған  
Сейлханова Айнур Ергалиевнаның  
«Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы  
қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған  
диссертациясы бойынша**

**АНДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі.** Әлемдік қоғамдастықтың цифрландыруға көшуі жоғары білім беру жүйесін қазақстандық қоғамның цифрлық трансформациясының катализаторына айналуына итермелейді. Осыған байланысты еліміз ұстанатын жалпыұлттық басымдықтардың бірі болашақ педагогтарын даярлауда білім беру бағдарламалардың сапасына, олардың толық жаңаруына сындарлы көзқарас туындады. Бұл ереже маңызды нормативтік құжаттарда көрініс тапты. Бұл сапалы оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасауға, сондай-ақ Цифрлық экономика үшін адами капиталды дамытуға байланысты Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясындағы 4 бағыт (міндеттер 2,5). Үздіксіз оқыту тұжырымдамасына 2018 жылы жүргізілген ересек халықтың құзыреттілігін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламаны (PIAAC) зерттеу қорытындылары ұсынылған, соның негізінде Қазақстан цифрлық дағдылардың жеткіліксіз деңгейін меңгерген елдердің (0,40) қатарына кірді. Тұжырымдаманың 4-бөлімінде цифрлық тұжырымдаманы барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементіне айналдыру мақсаты қойылған. Осылайша, күн тәртібіндегі өзекті мәселе цифрлық (digital skills), берік кәсіби (hard skills) және тұлғалық икемді (soft skills) құзыреттіліктердің жан-жақты үйлесімді тұлғаны дайындау қажеттілігі туындады.

Сондықтан, жоғары білім беру жүйесіндегі парадигмалық өзгерістер, сондай-ақ ғылыми және педагогикалық ізденістер, педагогика ғылымы мен жоғары білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерісі арасындағы пәнаралық байланыстың жаңдануына ықпал етті. Заманауи цифрлық технологияларды педагогикалық теория мен практикаға интеграциялау нәтижесінде цифрлық педагогиканың, оның ішінде шетел тілдері мұғалімдерін даярлаудағы өзектілігі анықталды.

Осылайша, цифрлық педагогикаға жүгінудің маңыздылығы деп оның білім беруді цифрландыруға көшу үдерісінде кең ауқымды мәселелерін шешудегі рөлімен анықталды. Теориялық әдебиеттер мен білім беру практикасын талдау қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

- цифрлық трансформация жағдайында жаңа формациядағы мамандарына қойылатын талаптарды артуы мен болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда түлек моделінің тұтастығын айқындайтын цифрлық құрамдас бөлікті қалыптастырудың жүйелілігі арасындағы;
- цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми негіздемесіне қажеттілігі мен оның педагогикалық теорияда әлсіз әзірлемесі арасындағы.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесін анықтауға мүмкіндік берді. Ондағы жаңа формациядағы мұғалімдерді даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми негіздеу қажеттілігінен диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдауға себеп болды: **"Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері"**.

**Зерттеу нысаны:** болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясы.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясының тиімділігін теориялық түрде негіздеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер* цифрлық педагогиканы қолданудың технологиясы жоғары білім берудегі парадигмалық өзгерістерді ескеретін цифрлық педагог тұжырымдамалық моделіне негізделетін болса, *онда* оны қолдану жаңа формациядағы мұғалімдерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін болады, *өйткені* бұл үдеріс оқытудың білім беру тәжірибесімен байланысының жалпы дидактикалық ұстанымдарының сақталуын және оның жалпы қоғам дамуының қазіргі жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

**Зерттеу міндеттері.** Мақсат пен ғылыми болжамға сәйкес зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

1. Жоғары білім беру жүйесі парадигмалық өзгерістер жағдайында цифрлық педагогиканың теориялық негіздерін анықтау;

2. Цифрлық педагогика ұғымын нақтылау;

3. Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделін әзірлеу;

4. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясын әзірлеу;

5. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігін тәжірибелік - эксперименттік жолмен тексеру.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері:** синергетикалық, конструктивистік, акторлық-желілік тұғырлар; жеке және кәсіби жүйелердің әдіснамалық ережелері; цифрлық технологиялар дәуіріндегі педагогика теориясының рефлексиялық негіздері; болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуының психологиялық-педагогикалық ережелері, шеттілдік білім беру теориясы.

**Зерттеу көздеріне** халықаралық заңнамалық құжаттар, Қазақстан Республикасының білім берудегі заңдары мен жобалары, «Педагог мәртебесі» Заңы, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беру мәселелері аясында нормативті құжаттар, ғылыми-теориялық және философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер, ғылымиметриалық және библиографиялық деректерқоры және білім беру бағдарламалар және тағы басқалары жатады.

**Зерттеу жұмысы 3 кезенді қамтыды:**

**1-ші кезең (2017-2018 жж.)** – цифрлық педагогиканың теориялық негіздемесін айқындау аясында шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жүргізілді. Озық тәжірибе жинақталды; ғылыми-зерттеу және библиографиялық деректер базасында жұмыс жүргізілді; зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми аппарат жүйеленді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы айқындалды.

**2-ші кезең (2018-2021 жж.)** – Зерттеу тақырыбы бойынша теориялық материалдарды жүйелеу жалғасын тапты. Онда «цифрлық педагогика» ұғымы нақтыланып, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда оны қолданудың технологиясы әзірленді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінің барысын жүргізу кескіні айқындалды. Эксперименттік база мен эксперимент топтары айқындалды. Диагностикалық құралдардың құрылымы іріктелді. Сауалнаманың статистикалық дәйектігі мен болжамдық моделі жүргізіліп, өзінің статистикалық құндылығы дәлелденді. Цифрлық сауаттылық деңгейін анықтайтын диагностикалық құрал анықталды. Алғашқы эксперименталды барысында сауалнама мен цифрлық сауаттылық деңгейі зерделенді. Білім беру бағдарлама мен жұмыстық оқу бағдарламалар (силлабус) зерттелді. «Digital Pedagogy for Pre-service Teacher Education» электронды оқу құралының мазмұны мен құрылымы жүйеленіп, жарыққа шықты. «DigitalPedagogyLMS» цифрлық платформасы құрылымдық мазмұны әзірленіп, оның жалпы және авторлық функционалдары құрастырылып, тестілеуден өткізілді.

**3-ші кезең (2021-2022 жж.)** – тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы, қорытындылау кезеңдері жүргізілді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігі анықталды. Цифрлық сауаттылық индексінің статистикалық моделі әзірленіп, зерттелді. Тәжірибелік-эксперименттік кезеңінде алынған аралық, қорытынды нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Диссертациялық зерттеу материалдары талапқа сай рәсімделді.

**Зерттеу әдістері.** Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістерінің жиынтығы қолданылды, атап айтқанда:

- теориялық: Vosviewer бағдарламасына негізделген библиометриялық деректерді талдау, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу және жалпылау, модельдеу әдісі;
- эмпирикалық: педагогикалық эксперимент жүргізу; сауалнама, тестілеу, орташа мәнді есептеу әдістерін қолдану, талдаудың статистикалық әдістері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық құндылығы:**

1. Жоғары білім беру жүйесі парадигмалық өзгерістер жағдайында цифрлық педагогиканың теориялық негіздері анықталды.
2. Цифрлық педагогика ұғымы нақтыланды.
3. Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі әзірленді.
4. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы әзірленді.

5. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік түрде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

- "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығына арналған "Digital pedagogy for Pre-service Teacher Education" электрондық оқу құралы, "DigitalPedagogyLMS" цифрлық платформасы.

Зерттеу нәтижелерін "білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды даярлау үшін пайдалануға болады. Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі жалпы түлек моделінің цифрлық құрылымдық негізі ретінде қолданыла алады.

**Қорғауға ұсынылатын ғылыми ережелер:**

1. Цифрлық педагогиканың теориялық негіздері;
2. Цифрлық педагог тұжырымдамалық моделі;
3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда цифрлық педагогиканы қолдану технологиясы;
4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.

**Зерттеудің эксперименттік базасы:** Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шетел тілдер факультеті.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялымдары.** Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 2 мақала Scopus, Web of Science дерекқорына кіретін шетелдік басылымда, 4 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 электрондық оқу құралы.

**Диссертация құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық жұмыс 148 беттен тұрады. 234 пайдаланылған әдебиеттерді қамтыйды. 25 суреттен, 18 кестеден, 5 қосымшалар санынан тұрады.